

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН



SATBAYEV
UNIVERSITY

БЕКІТЕМІН

Теология, мұнай және газ ісі
институтының директоры

Сыздықов А.Х.

ГТТККІБ кафедрасының
менгерушісі

Бекболатова А.А.

« 20 » 01 2020 ж.

СИЛЛАБУС

GEO1191 «Жерқойнауын пайдалану негіздері»

5B070600 мамандық үшін

3 кредит (2/0/1)

Семестр: 6, 2019-2020 оқу жылы

Алматы, 2020

Сәтбаев Университеті
К. Турысов атындағы Геология және Мұнай-газ, тау-кен ісі институты
«Геологиялық түсіру, пайдалы қазба кенорындарын іздеу және барлау» кафедрасы

1. Оқытушылар туралы мәлімет:

Лектор

Жүнісов Ақылбек, профессор
Офистік сағат сенбі 13 - 14 сағат – 329 БОҒ
zhunussov44@mail.ru

Асубаева Салтанат Қалықовна
Офистік сағат сейсенбі 9-11 сағат
318 БОҒ

Пререквизиттер: «Кристаллография және минералогия», «Құрылымдық геология», «Петрография», «Қазақстан геологиясы және минералдық ресурстары».

Постреквизиттер: «Пайдалы қазбалар геологиясы», «Геоморфология және төрттік геология», «Геотектоника және геодинамика»,

Курстың қысқаша мазмұны: «Жер қойнауын пайдалану негіздері» геолог мамандарын даярлау бағдарламасында ерекше орын алады

5В070600- «Геология және пайдалы қазбалар кенорындарын барлау» мамандығын бойынша кәсіби мамандар дайындауда аталған заңдарды өзінің болашақ жұмысында пайдалана білуі туралы мәліметтер береді.

Пәнді оқудағы студенттердің алатын негізгі білімдері:

- жер қойнауын геологиялық зерттеудің сатылығы,
- Кенорындарын барлаумен пайдалы қазба байлықтардың барлық түрлерін жүргізудің құқықтық негізі,
- Геологиялық жұмыстарды ұйымдастыру, жоспарлау мен жүргізу сатылары.

Пәнді оқудағы студенттердің алатын негізгі үйренетіндері:

- заң күші бар Президенттің мынандай қаулыларын тиісті деңгейде білуі керек «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы», «Жер туралы» ж.т.б.
- жер қойнауын пайдалануға қажетті заңдар мен аймақтық жер қойнауын пайдаланудың экономикалық пен экологиялық мәселелерін біліп, меңгеру.

Оқитын әдебиеттер тізімі

Негізгі:

1. Қазақстан «Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану кодексі» 2017 ж.
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы, 1995 ж.
3. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. Алматы, 1994 ж.
4. «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 24 маусымдағы № 291-IV Заңы
5. Әдістемелік нұсқау Жүнүсов А.А. «Жер қойнауын пайдалану негіздері» 2018

Қосымша әдебиеттер:

1. « Лицензиялау туралы » Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 16 мамырдағы № 202-V Заңымен
2. Классификация запасов месторождений и прогнозных ресурсов твердых полезных ископаемых. Утверждена Приказом Комитета геологии и охраны недр МЭМР РК от 13 августа 2004 года № 126-п.
- 3.Положение по составлению проектно-сметной документации на региональные геологические исследования и геологосъемочные работы масштаба 1:200 000 и 1:50 000 на территории Республики Казахстан. – Кокшетау: Комитет геологии и охраны недр МЭМР РК, 2002.
4. Положение по составлению программ и смет на научно-исследовательские опытно-конструкторские, тематические и другие, аналогичные им, виды работ. – Кокшетау: Комитет геологии и охраны недр МЭМР РК, 2002.

Күнтізбелік-тақырыптық жоспары

Апта	Аудиториялық сабақтар			СӨЖ/СӨЖ Тапсырма түрі
	Дәріс тақырыбы	Зертханалық жұмыстар тақырыбы	Әдебиеттер	
1	Кіріспе. жер қойнауын пайдаланудың ұтымды факторлары: ресурстық, экономикалық, экологиялық және құқықтық. Қазақстанның жер қойнауын пайдалану заңнамасының міндеттері	Жер қойнауын пайдалану туралы өтініш	1 нег. [10-17] 3 нег. [10-15]	
2	Қазақстан Республикасының «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы кодексі» және оның ерекшеліктері. Жер қойнауын пайдалану құқығы	Құрылтайшылар келісім шарты	1 нег. [10-17] 3 нег. [10-15]	СӨЖ-1 тапсыру
3	Пайдалы қазба кенорындарын игеру. Барланған қорлардың өнеркәсіпке жарамды мөлшері мен сапасы, оларды кешенді пайдалану. Жер қойнауын пайдалануға берілетін учаскелер. Қазақстан Республикасының жер қойнауы қоры.	Жарғы	1 нег. [10-17] 3 нег. [10-15]	
4	Жер қойнауын пайдалану саласындағы мемлекеттік басқару	Конкурсқа қатысу құжаттары	1 нег. [10-17] 3 нег. [10-15]	
5	Жер қойнауын геологиялық зерттеу геологиялық ақпараттар және олардың жер қойнауын пайдаланудағы орны.	Келісім шарт жасасу жолымен жер қойнауын пайдалану құқығын беру	1 нег. [10-17] 3 нег. [10-15]	СӨЖ-2 тапсыру
6	Көмірсутекті құқығын беру мен тоқтату ерекшеліктері	Модельдік келісім шарт	1 нег. [] 3 нег. []	
7	Қатты пайдалы қазбаларды барлау және өндірудің құқықтық ерекшеліктері	Геологиялық барлау мен өндіру жұмыстарын сатылап жүргізу (қатты пайдалы қазбалар) жөніндегі нұсқаулық	1 нег. [] 3 нег. []	
8	Жалпы тараған пайдалы қазбаларды және құрылыс материалдары шикізаттарын өндіру. Жалпы орта және шағын кәсіпкерлікті дамыту	1-аралық аттестация (Midterm)		
9	Көмірсутекті барлау мен өндірудің шарттары	Қазақстан Республикасындағы геологиялық барлау жұмыстарының 2015 - 2019 жылдарға арналған бағдарламасын талдау	1 нег. [] 3 нег. []	СӨЖ-3 тапсыру
10	Жер қойнауын геологиялық зерттеулер	Жұмыс бағдарламасы	1 нег. [] 3 нег. []	
11	Жер қойнауы кеңістігін пайдалану. Лицензиялау	Пайдалы қазбаларды барлау мен өндіру кезінде жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану	1 нег. [] 3 нег. []	
12	Старательдік жұмыстар жүргізудің ерекшеліктері	Қазақстан Республикасының геология саласын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы туралы	1 нег. [] 3 нег. []	СӨЖ-4 тапсыру
13	Жер қойнауын және қоршаған ортаны қорғау. Жер қойнауын кәуіпсіз пайдалану. Елдің және қызметкерлердің қауіпсіздігі	Қатты пайдалы қазба кенорындарының қорлары мен болжамды ресурстарының сыныптамасы	1 нег. [] 3 нег. []	
14	Жалпы Әлемдік нарықтағы шикізат қорының конъюктурасы	Қатты пайдалы қазба кенорындарының қорлары	1 нег. [] 3 нег. []	

		мен болжамды ресурстарының маңызы		
15	Жер қойнауын пайдаланудағы салық салу	2-ші соңғы аттестация (Endterm)		
	Жазбаша емтихан			

Тапсырма түрлері бойынша максимальды баға

Дәрісті талқылау белсендігі	10
Зертханалық жұмыстарды орындау және қорғау белсенділігі	20
Өзіндік жұмыстарды орындау белсенділігі СОӨЖ	10
1-аралық аттестация(Midterm)	10
2- соңғы аттестация(Endterm)	10
Қорытынды емтихан	40
Барлығы	100

9. Жұмысты бағалау критерийлері:

Әріптік жүйедегі баға	Бағаның цифрлік эквиваленті	Критерий
A	95 – 100	«Өте жақсы» деген бағалау үшін курстық бағдарламаны толықтай меңгеру қажет. Курстың негізгі заңдылықтарын өздігінен критикалық бағалау керек. Теориялық білім мен тәжірибені ұштастыра білуі қажет. Дәрістік және зертханалық сабақтарға белсенді түрде қатысу қажет және курс бойынша қосымша монографиялық әдебиеттерді игеруі керек.
A -	90 – 94	«Өте жақсы» - Курстық бағдарламаны толықтай меңгеру; курстың негізгі заңдылықтарын өздігінен критикалық бағалау; теориялық білім мен тәжірибені ұштастыра білу; дәрістік және зертханалық сабақтарға белсенді түрде қатысу; бірақта курс бойынша қосымша монографиялық әдебиеттермен таныспаған.
B +	85 – 89	«Жақсы» - Студент өткен материалдарды жетік меңгеру және белсенді түрде зертханалық сабақтарға атсалысу. Тақырыптың мән-мағынасын және сұрақтарға жауабын жазбаша түрде еркін және ауқымды түрде ашып жазу.
B	80 – 84	«Жақсы» - Студент өткен тақырыптарды толығымен меңгергенін көрсете отырып берілген тақырыптың мазмұнын толық жеткізе білу. Оқытушы тарапынан қойылған сұрақтар мен тапсырмаларды толығымен жүйелі түрде орындау.
B -	75 – 79	«Жақсы» - Студент өзіне қойылған сұрақтарға еркін жауап бере алу, бірақ кейде нақты дәлелмен жеткізе алмау. Ұсынылған әдебиеттерді толық меңгеру. Студент дәрістер мен зертханалық сабақтарға кейде себепсіз қатыспау.
C +	70 – 74	«Жақсы» - Студент өткен тақырыптарды толығымен меңгергенін көрсете отырып, берілген тақырыптың мазмұнын толық жеткізе біледі. Бірақ оқытушы тарапынан қойған

		кейбір сұрақтарға толық жауап бере алмайды. Курстың негізгі ережелерін критикалы бағалауға қабілетсіз. Тапсырмаларды орындаған кезде кішігірім қателіктер жібереді.
C	65 – 69	«Қанағаттандырылдық» - Студент курс бағдарламасы бойынша өткен тақырыптарды толық меңгере алмаған, сұрақтарға толық жүйелі түрде жауап бере алмайды. Тапсырмаларды орындау барысында қателіктер жібереді, бірақ та қателіктерді түзетуге қабілеті жеткілікті.
C -	60 – 64	«Қанағаттандырылдық» - Студент курс бағдарламасын түсінгенін жеткізе алмайды, сұрақтарға жауап өте қысқа. Тапсырмаларды орындау барысында қателіктер жібереді, жіберген қателіктерді түзетуге білімі жеткілікті.
D +	55 – 59	«Қанағаттандырылдық» - Студент теориялық материалдарды толық игермеген, ұсынылған әдеби кітаптарды оқымаған. Дәріс және зертханалық сабақтардан себепсіз қалады. Тапсырмаларды орындау барысында біршама қателіктерді жібереді. Қателіктерді түзетуге білімі жеткілікті.
D	50 – 54	«Қанағаттанарлық» - Студент өткен материалдарды түсінгенін немесе толық игергенін жеткізе алмайды. Сұрақтарға жауабы толық емес. Дәріс және зертханалық сабақтардан себепсіз қалады. Қателіктерді түзетуге білімі жеткілікті.
FX	25-49	«Қанағаттанарлықсыз» - өте төмен көрсеткіш, емтиханды қайта тапсыру керек
F	0 – 24	Студент берілген тапсырмаларды игере алмаған. Қарапайым сұрақтарға жауап бере алмайды, мазмұнын жетік түсіне алмайды.

* Қосымша тапсырмалар үшін бонустық ұпайлар алуға болады

Қажетті жұмыстарды өткізу кестесі

Қажетті жұмыстарды өткізу кестесі

№	Бақылау түрі	Аптадағы макс. баллы	Апталар															Макс. баллдар қорытындысы
			1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	
1	Дәрісті талқылау белсенділігі	2		*	*	*	*	*	*		*	*	*	*	*	*		8
2	Зертханалық жұмыстарды орындау және қорғау белсенділігі	2		*	*	*	*	*	*		*	*	*	*	*	*		20
3	1-аралық аттестация(Midterm)	3								*								2
1	Дәрісті талқылау белсенділігі	2		*	*	*	*	*	*		*	*	*	*	*	*		8
2	Зертханалық жұмыстарды орындау және қорғау белсенділігі	2		*	*	*	*	*	*		*	*	*	*	*	*		20

3	2-соңғы аттестация (Endterm)	3															*	2
	Қорытынды емтихан	40																40
	Барлық қосындысы																	100

Сабақ түрлерінің сипаттамасы:

Дәріс және практикалық сабақтарда белсенділік таныту міндетті және Сіздің қорытынды балл/бағаңыздың бір бөлігін құрайды. Дәріс материалдарын бекіте түсетін көптеген теориялық материалдар тек дәріс сабақтарында беріледі. Сондықтан, сабақтан қалу – Сіздің оқу үлгеріміңіз бен қорытынды бағаңызға әсерін тигізеді. Кез-келген себептер бойынша сабақтан екі рет кешігу және /немесе сабақтың соңына дейін кетіп қалған жағдайда бір рет сабақтан қалған болып саналады. Алайда сабаққа тек қана қатысу балды көбейту болып саналмайды. Сабаққа әрдайым белсенді қатысып отыру қажет. Әрбір сабаққа дайындалып жүру – курсқа қойылатын міндетті талап болып табылады. Оқулықта көрсетілген бөлімдерді және қосымша материалдарды тек практикалық сабаққа дайындық кезінде емес, тиісті дәріске қатысар алдында да қарау қажет. Мұндай дайындық Сіздің жаңа материалды қабылдауыңызды жеңілдетеді және Сіздің университет қабырғасында терең білім алуыңызға ықпал етеді.

Практикалық тапсырмалар (СОӨЖ) – өткен тақырыптар бойынша тапсырмаларды оқытушының жетекшілік етуімен өз бетінше орындау, Тапсырма практикалық сабақ кезінде беріледі. Оларды барлық студенттер ағымдық өзіндік жұмыс ретінде орындауға міндетті. Үй тапсырмасын орындау барысында Сіз оқулықтан және сабақта алған білімдеріңізді пайдалануыңыз керек. Сіздің орындаған жұмыстарыңыздың негізінде орташа баға шығарылады. Тапсырмаларды уақытылы орындап, тапсыру да ескеріледі.

Зертханалық тапсырмалар – нақты тапсырмаларды орындау бағдарламаларын әзірлеу және құрастырудан тұрады. Тапсырмалар портал сайтында беріледі. Тапсырмаларды орындау тиісті деңгейде ресімделеді және пайдалану көзделген. Жұмыстарды уақытылы орындап, тапсыру да ескеріледі.

Курстық жобалау жұмыстары – Сіз өзіңіз жеке орындайсыз немесе топ құрамында 2-3 студенттің қатысуымен орындалады. Жоба тақырыптарын өзіңіз оқытушымен келісе отырып белгілейсіз және Сіздің шағын тобыңыздағы студенттердің фамилияларымен бірге бекітіледі. Белгіленген уақыт ішінде Сіз жоба жұмысының барысын оқытушымен бірге күнтізбелік-тақырыптық жоспарда көрсетілген мерзімге сәйкес үнемі талқылап отыруыңыз керек және оның тиісті бөліктерін оның офис сағаты кезеңінде өткізуі тиіс. Топтық жоба сабақ кезеңінің соңғы аптасында барлық студенттер алдында қорғалады және презентациялау уақыты 10 минуттан аспауы тиіс. Жоба бойынша қойылған баға барлық топ мүшелеріне бөлінеді. Жобаны орындауға қойылатын қосымша талаптар және жоба бойынша жұмысты өткізу жоспары офис-сағаты кезінде талқыланады.

Студенттің өзіндік жұмыстары (семестрлік тапсырма) – семестр ішінде пән бойынша өтілген материалдарды қамтитын 7 тапсырманы орындаудан тұрады. Тапсырмалар жазбаша түрде орындалып, орындау мерзіміне сау уақытта өткізілуі тиіс. Сіздің жазбаша жұмысыңыздың негізінде орташа балл шығарылады. Жұмыстарды уақытылы орындап, тапсыру да ескеріледі.

Қорытынды емтихан – курс бойынша барлық материалдарды қамтиды және қорытындылайды. Емтихан жазбаша өткізіледі және түрлі тапсырмаларды қамтиды: дәріс бойынша өтілген материалдарды қамтитын сұрақтардан, нақты тапсырмаларды практикалық шешуден тұрады. Емтихан ұзақтығы 2 академиялық сағат. Емтиханда егер баға төмен болып қалса, оны көтеру үшін ешқандай қосымша сұрақ берілмейді. Сондай-ақ емтиханды қайта тапсыруға рұқсат берілмейді.

Баға қою саясаты:

Семестрдің соңында Сіздің семестр бойындағы жұмыстарыңыздың жалпы көрсеткіші болып табылатын қорытынды бағаңызды аласыз. Қорытынды баға «ҚазҰТЗУ» КЕАҚ белгілеген бағалау шкаласына сәйкес қойылады.

Практикалық және зертханалық зертханалық жұмыстарды бағалау критерийлері: тапсырманы торық орындау, мұқият есептеу және уақытында өткізу.

Курстық жобалау жұмыстарын (топтық жобалау) бағалау өлшемдері: жоба шешімдерінің креативтілігі, шешімдердің бұрынғысынан ерекшеленуі, мұқият есептеу, қорғау кезіндегі көрнекілік және коммуникативтілік.

Емтихан бағасын қою өлшемдері: дұрыс және толық жауап беру, мұқият және нақты баяндау.

Курстың саясаты мынадай талаптарды қамтиды:

Студент дәріс, практикалық және зертханалық сабақтарға дайындалып келуі тиіс. Зертханалық жұмыстарды, жұмыстың барлық түрлерін толық жүзеге асыра отырып, уақтылы қорғау (практикалық, зертханалық және өздік). Студент сабақтан кешікпеуі және сабақты жібермеуі, ұқыпты және міндетті болуы керек. Уақытында

жасаған жұмысы үшін 10% ең жоғары балл көзделген. Егер, Сіз белгілі себептермен аралық бақылау кезеңін өткізіп алсаңыз, онда сіз емтиханға дейін оқытушыға ескертуге міндеттісіз. Барлық студенттерден емтихан өткізгеннен қайта тапсыру мүмкін емес. Себепсіз емтиханды өткізіп алған студентте оны тапсыру құқығынан айырылады.

Этика және академиялық саясатты жүргізу

Толерантты болыңыз және басқаның пікірін құрметтей біліңіз. Қарсылықты тұжырымдалған түрінде жасаңыз. Плагиат және әділетсіз жұмысқа жол берілмейді. Өзге студент үшін емтихан тапсыруға және бір-бірінен көшіруге жол берілмейді. Студенттің кез келген теріс ақпараты болған жағдайда «F» бағасын алады.

Көмек: Өздік жұмыстардың орындалуын және оны қорғау, сондай-ақ зерттелген материал туралы қосымша ақпаратты, сондай-ақ барлық басқа да мәселелер бойынша кеңес жүзеге асырылады және жұмыс уақытында немесе тәулік бойы электрондық байланыс құралдары арқылы нұсқаушыны хабардар ету.

Кафедра отырысында қаралды ГТІККІБ «__» ____2020ж. хаттама №__

Құрастырған: ассоциациялық профессор _____ Жүнісов А.А.